

БЕКІТЕМІН:
Мектеп директоры
А.Ж. Акмайтамбетова
2023ж.



Ұйымдастырылған Оқу іс – әрекеттіңін

Перспективалық жоспары

Мектепалды дааялдап тобының тәрбиешісі: Р.К. Казанбақ

КЕЛІСЕМІН:
Оқу ісінің меншерушісі:
Н.К. Абенова
2023ж.

Ж. Аймауытулы атындағы НОМ

2023 – 2024 оку жылы

Мектеп директоры м.ж.
А.Ж. Акыламбетова



Білім беру үйымы: Ж. Аймауытұлы атындағы НОМ

Топ/сынып даярлық тобы

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2023-2024 оку жылы Қыркүйек айы

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Кыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Журу. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден журу; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен журу; тізені жоғары көтеріп журу, заттардан бір қырымен аттап журу; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып журу, 2) Жүгіру: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сзызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелендеп, кедергілерден өту арқылы, табиги жағдайларда кедергілерден өту арқылы, түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа карқынмен 1,5–2 мин тоқтаусыз жүгіру;</p> <p>Жүгіру.</p> <p>Шашырап, жұпташып, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сзызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұксас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-н, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Сейлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p>
	Көркем әдебиет	Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертең, әңгіме, өлең) ажыратуды үйрету.
	Саят ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.
	Қазақ тілі	Менің балабақшам. <p>Балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету.</p> <p>Балабақша туралы түсініктерін кеңейту, диалогке қатысуға үйрету.</p>

	<p>Сөздерді сөз тіркесімен айтуда, сөйлем құрауда жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуда дағдыландыру.</p> <p>Балабақша қызметкерлері.</p> <p>Балабақша қызметкерлерімен таныстыру. Балабақшадағы қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрактар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үрету.</p> <p>Біздің топ.</p> <p>Топтағы заттардың атауын еске түсіру, жекеше-көпше түрде айтуда үрету.</p> <p>Не? Нелер? Сұрактарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуда.</p> <p>Мениң ойыншықтарым.</p> <p>Балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша аталуын есте сақтауда жаттықтыру, жұмбақтар жасырып шешүге үрету. Ойыншықтар туралы қысқа мәтіндер құрауды дағдыландыру, сұракқа толық жауап беруді жетілдіру.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын.</p> <p>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктеге бөлу және оларды қайта біріктіру.</p> <p>Сан және санау.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды тұра және кері санауда жаттықтыру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі:</p> <p>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте окуга ынталасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.</p> <p>Еңбекке баулу.</p> <p>Балалардың еңбек етуге деген он көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауда, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p> <p>Олі табиғат құбылыстары мен заттары.</p> <p>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпіркосақ, боран және т.б.) кенейту.</p>
Құрастыру	Құрылыш материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылқпен құрастыруға баулу.
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжеттік композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.

Мұсіндеу	Заттық мұсіндеу. Мұсінделген заттың, фигуralардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мұсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.	
Жапсыру	Заттық жапсыру: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қысп алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, ғұлдерді, оюларды қиода қолдану.	
Музыка	Музыка тындау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипаттың, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажыратада білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипатты, мазмұны туралы айтуда. Ән айтуда. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауда үйрету: марш сипаттың анық ырғақты жүрумен;	



Мекендер директоры М.А.
А. Н. Акмагамбетова

Білім беру үйімі Ж. Аймауытұлы атындағы НОМ

Топ/сынып даярлық тобы

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2023-2024 оқу жылы Қазан айы

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Казан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Тепе-тендікті сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшени арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру</p> <p>Секіру. бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қашықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м), он және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 м), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр);</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Кол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру).</p> <p>Колды кезек жоғары-артқа көтеру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сый есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және сонын ойдан шығару.</p>
	Көркем әдебиет	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айттып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.
	Саят ашу негіздері	Бұын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.

Қазақ тілі	<p>Алтын күз.</p> <p>Күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер менсөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.</p> <p>Игерген сөздерін қолданып, сөйлем құру дағдыларындастыту.</p> <p>Көгөністер.</p> <p>Көгөністердің қазақша аталуын үйрету. Жаңылтпаштар жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруга үйрету. Тілге қызығушылықтарын арттыру, жана сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Жемістер.</p> <p>Балаларды жемістердің қазақша аталуымен таныстыру.</p> <p>Жемістерді қазақ тілінде атай білуге, шағын өлеңдерді жатқа айта білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерд ебайланыстырып құрауға дағыландыру, сөздік қорларын байту.</p> <p>Менің отбасым.</p> <p>Менің есімдігімен таныстыру. Отбасы мүшелерін қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Үлкенге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын.</p> <p>Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p>Сан және санау.</p> <p>Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 дең 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі:</p> <p>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қогамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбеккорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділіктерге арттыру.</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау</p> <p>Заттар, олардың белгілерін нактылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Еңбекке баулу.</p> <p>Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.</p> <p>Ата-ана енбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара</p>

	байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.
Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру.
Сурет салу	Парапта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес кімбылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сүмен араластыру, қажетті түсті алу)
Мұсіндеу	Заттық мұсіндеу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мұсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың кімбылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сактай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мұсіндеу.
Жапсыру	Заттық жапсыру: Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қио арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қысп алу.
Музыка	Музыка тындау. Музыканың сипатын бейнениң мазмұнымен, оның көніл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Ән айту. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту Музыкалық-ыргақтық кімбылдар. Марш сипатын анық ыргақты жүрүмен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ыргақпен жүргіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.

Мектен директоры М. А.
А. Ж. Ахмагамбетова



Білім беру үйімі Ж. Аяуытұлы атындағы НОМ

Топ/сынып даярлық тобы

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2023-2024 оқу жылы Қараша айы

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	Дене шынықтыру	<p>Негізгі құмылдар:</p> <p>Енбектеу, өрмелуе. Жұру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттагандап еңбектеу, кедергілер арасынан енбектеу; допты басымен итеріп, төрттагандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 м); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, ишкітары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелуе. Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабыргамен өрмелуе және бір гимнастикалық қабыргадан екіншісіне ауысып өрмелуе.</p> <p>Лактыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары, жіптің үстінен лактыру және екі қолымен, бір қолымен (он және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лактыру және екі қолымен қағып алу; 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанана құм салынған қашықты, асықты лактыру, допты екі қолымен бір-біrine (арақашықтығы 1,5-2 м) басынан асыра лактыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) жүргізу, допты лактыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4-5 м).</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапка қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жаңына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, онға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p>Сөздік қор</p> <p>Балалардың сөздік корын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке катынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегендеге қолдана білуді дамыту.</p>

	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналуа, рөлдерде кейіпкердің көніл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p>
<p>Саят ашу негіздері</p>	<p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Мамандықтың бәрі жақсы.</p> <p>Мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету.</p> <p>Менің дене мүшелерім.</p> <p>Дене мүшелерінің қазақша атауын, сөздер мен сөйлемдерде қолдануға, жұмбақ, макал-мәтәл үйрету. Жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, тіл мәдениетін жетілдіру.</p> <p>Қанша? Санау.</p> <p>Санауга қазақ тілінде үйрету. Санамақтар жаттау, тұра және кері санау. Сөздерді сөйлемдерді байланыстырып қурауды дамыту.</p> <p>Алта күндері.</p> <p>Балаларды алта күндерімен таныстыру. Алта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сактауға үйрету.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Сан және санау.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды тұра және кері санауга жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алғып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.</p> <p>Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.</p> <p>Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p>
<p>Коршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үй:</p> <p>Тұыстық байланыстарды түсіну (өз жүрті атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жүрті), өзінің жеті атасын білу.</p> <p>Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, ұлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыртайы сөйлеу.</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын мандағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.</p>

	<p>Көлік, байланыс құралдары</p> <p>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Еңбекке баулу.</p> <p>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.</p>
Құрастыру	<p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.</p> <p>Өзінің құрастырган құрылышын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану.</p> <p>Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдану.</p>
Сурет салу	<p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың ренктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша тандау.</p> <p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу)</p>
Мүсіндеу	<p>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шуберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.</p> <p>Адамның бейнесін, жануарлардың қымылдарын, колаяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қыска, жуан және жінішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.</p>
Жапсыру	<p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиу.</p> <p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сынарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қиу, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиги материалдар) жапсыру.</p>
Музыка	<p>Музыка тындау.</p> <p>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (эн, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында таныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және</p>

	<p>Көлік, байланыс қуралдары Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Енбекке баулу.</p> <p>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.</p>
Құрастыру	<p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (такия, сәүкеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды курделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырган құрылышын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.</p>
Сурет салу	<p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша тандау.</p> <p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сүмен араластыру, қажетті түсті алу)</p>
Мұсіндеу	<p>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мұсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.</p> <p>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қолаяқтардың қалпын дұрыс мұсіндеу. Заттардың ұзын және қыска, жуан және жінішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы қолемдерін сақтау, мұсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.</p>
Жапсыру	<p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қио.</p> <p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қио, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиги материалдар) жапсыру.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (эн, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айттар алдында, музыкалық фразалар арасында таныс алу, әннің сөздерін анық айтуда, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айтуда. Музыкалық сүйемелдеумен және</p>

		сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді менгеру.
--	--	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------